

**«СОЛДЫ-АУ, КӨКТЕЙ ДӘУІР-ДӘУРЕНІМ...»:
ЖОҚТАУДЫҢ ӘЛЕМ ХАЛҚЫ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

К.А. Жакибаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
zhakibaeva.k@qyzpu.edu.kz

Аңдатпа

Мақалада қазақ халқы мен әлем халықтары жоқтауларының ұқсастығы мен айырмашылығы жайында дерек беріледі. Жоқтауды кім, қалай айтылатыны, оған ерекше мән берілетіні жайында салыстырмалы талдаулар жүргізіледі. Оның маңыздылығы мен мәнділігі жайлы деректер мен негіздемелер беріледі. Әр ғасырдағы жоқтаудың өзіндік орны туралы жазылады. Қайбір тұлғаның о дүниелік болғаннан кейінгі ағайын-туыс, қоғам, дос-жаран арасындағы беделі мен абыройының маңыздылығы зерттелді. Жоқтаулардағы қолданылған метафоралар, теңеу, эпитеттерге талдау жасалған.

Мақалада қазақтар, өзбектер, түрікмендер, қырғыздар, башқұрттар, қарақалпақтар, орыстар, грузиндер, литвалықтар, Латын Америкасы үндістері әйелдерінің қайтыс болған адамды жоқтауына салыстырмалы талдау келтірілген. Автор жоқтауда өткен ғасыр классикалық шығармаларынан, соның ішінде, 11 ғасырдағы түркі ақыны Махмұд Қашқаридің шығармалары, 12 ғасырдағы Шота Руставелидің, түркіменнің 18 ғасырдағы ақыны Мактұмқули өлеңдерінен, Шоқан Уәлихановтың шығармаларындағы қара қырғыздар поэзиясынан мысалдар келтіреді. Сондай-ақ, қазақ ақындары Абай Құнанбаев, Машһүр Жүсіп Көпеев, Орынбай Бертағыұлы, Оралхан Бөкей, Мұқағали Мақатаев, Калқаман Сарин шығармаларынан алынған жоқтауға қатысты материалдар да ерекше орын алады. Тақырыпты зерттеу барысында салыстырмалы, текстуралды, қатыстырмалы, мәдени-тарихи, мифопоэтикалық, т.б. әдістер жүргізілді.

Түйін сөздер: жоқтау, зарлау, ерлер, қыршын жас, жесір, түркі халықтары, салыстырмалы талдау

Кіріспе

Жоқтау - қазақ халқы өміріндегі аса мән беріп, сауаттылықпен, терең ой салатын ауыз әдебиетінің бір түрі. Себебі, адам дүниеден өткеннен кейінгі жоқтау айту ұрпақтары үшін маңызды болып табылады. Жоқтау арқылы ішкі зар, сағыныш, о дүниелік болған адамның сол ортадағы орны, рөлі жайлы терең де ойлы деректер беріледі. Барлық халықта адам қайтыс болғанда негізінен жоқтауды әйелдер айтады.

Белгілі жазушы С. Мұқанов: «Уәлі өлгенде Айғаным қара жамылып, жылын бергенше аза тұтқан. Қара жамылған Айғаным маңындағы төре тұқымының жас қатындары мен бойжеткен қыздарын таң ата, түс бола, күн бата жинап алады екен де, өзі бастап күн сайын оларға үш мезгіл жоқтау айтқызады екен. Сонда даусы өзгелерден өрлей асып отыратын ғажап әнші екен. Сол дауысты тыңдаған жұрт қатты әсерленіп, еңіреп отырады екен» [1,16]. Бұл жоқтаудың қазақ халқына тән белгісі деп ойлаймыз. Жоқтаудың халық үшін маңыздылығы байқалуда. Оған аса үлкен жауаптылықпен қараған.

Орыс этнограф зерттеушісі Т.И. Дронованың пікірінше: «Большое неутешное горе выпадало в случае преждевременной смерти людей, особенно, когда в семье были малые дети. В таких ситуациях погребальные плачи начинали исполнять сразу после наступления смерти, в них преимущественно выражалось сетование на предстоящую горестную жизнь семьи без кормильца или без материнской заботы. Иногда оплакивания начинались сразу после омовения усопшего и укладывания его на лавке, они могли быть единичными и неежедневными. В день похорон плачи исполняли с утра до момента захоронения и прерывались на период совершения молитвы/службы и трапезы» [2, 130].

Әсіресе, отбасында жас бала қайтыс болса, оның ата-ана үшін орны толмас қайғы еді. Орнын кім басады деп қайғырады. Көмекші, арқа сүйер азамат болғанын айтып жоқтайды. Қайғысының таудай биік екенін, үйдің тас қабырғадай суық болғанын айтып жылайды, отбасының алдағы қайғылы өміріне шағымданды. Бұл үш пікірде де негізінен жоқтауды әйелдер жағы айтқанын аңғаруға болады.

Осы мақалада автор жоқтау ғасырдан ғасырға жалғасын тауып, халық арасында әлі де сақталып келе жатқандығы көрсетіледі. Оның маңыздылығын айрықша атап көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Мақалада қазақтар, өзбектер, түрікмендер, қырғыздар, башқұрттар, қарақалпақтар, грузиндер, орыстар, литвалықтар мен Латын Америкасы үндістері әйелдерінің қайтыс болған адамды жоқтауына салыстырмалы талдау келтірілген. Сонымен қатар грузин, түркімен ұлттары ақындарының да қазақ ақындарымен қайтыс болған адамдарды бір сарында жоқтайты анықталды. Автор жоқтауда өткен ғасыр классикалық шығармаларынан, соның ішінде, 11 ғасырдағы түркі ақыны Махмұд Қашқаридің шығармалары, 12 ғасырдағы Шота Руставелидің атақты «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасы, түркіменнің 18 ғасырдағы ақыны Мақтұмқули өлеңдерінен, Шоқан Уәлихановтың шығармаларындағы қара қырғыздар поэзиясынан мысалдар келтіреді. Түрлі қазақ авторлары Абай Құнанбаев (1845 - 1904), Машһүр Жүсіп Көпеев (1858 – 1931), Орынбай Бертағыұлы (1813-1891), Оралхан Бөкей (1943 -1993), Мұқағали Мақатаев (1931-1976) шығармаларынан алынған жоқтауға қатысты материалдар ерекше орын алады. 21 ғасырда да жоқтау өз мағынасын жойған жоқ. Қазіргі қазақ ақыны Калқаман Сарин (1978 жылы дүниеге келген) шығармасынан да жоқтауға қатысты мысалдар келтірілген.

Тақырыпты зерттеу барысында салыстырмалы, текстуалды, қатыстырмалы, мәдени-тарихи, мифопоэтикалық, т.б. әдістер жүргізілді.

Нәтижелер

Жоқтау – ауыз әдебиетіндегі лирикалық жанрдың бірі. Жоқтау сюжетті, сюжетсіз болуы мүмкін. Ел билеген, халыққа қызмет еткен тұлғаларға арналған жоқтауларда сюжет болады. Жоқтау зарлы өлең болып табылады. Жоқтаушы мәтініне ерекше мән береді. Марқұмның отбасынан бастап, қоғамдағы атақ абыройы, істеген ізгі істері мен жасаған жақсылықтары, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнеге-өсиеттері жайында мағлұмат беріледі. Халқына пайда келтіретін науша жасқа ажалдың жеткені, артында қалған жұрты күйзелгенін, ауруына ем таба алмай кеткенін көркем сөзбен жеткізеді. Шоқандай дара тұлғаның орнының ойсырап қалғанын, тек ата-ана, бауыр, ағайын-туыс қана емес, бүкіл ел-жұрт болып, қабырғасы қайыса қайғыратынын жеткізеді.

Ал осы жоқтауларды басқа да халықтар арасындағы жоқтаулармен салыстырайық.

1- кесте. Қазақ және басқа халықтар арасындағы жоқтауды салыстыру. Автор құрастырды.

Жоқтау нысаны	Қазақ жоқтауларында	Басқа халық жоқтауларында
Ел ағасы	Бір жұрнақ заттан шыққан асыл еді, Қара түгіл қожадан асып еді. Тақсырдың шарапаты басым еді. Сейітзада нәсілі сондай таза. (М.Ж.Көпеев)	Сядем, братья, и восплачем о несчастном Тариэле! Скорбь о нем копьем печали ранит сердце мне доселе. Это древнее сказанье я, чье имя Руставели; Нанизал, как цепь жемчужин, чтоб его стихами пели. (грузин жоқтауы)
Батыр	Алып ер Тоңа өлді мү? Алып ер тоңа өлді ме? Әсіз ажун қалды му? Иесіз дүние қалды ма? Өдлік өңің алды му? Уақыт өшін алды ма? Әмді йүрэк йыртылар. Енді жүрек жыртыла. (М.Қашқари)	Я, - погребенный в пустыне мертвец; И мертвецами я буду оплакан. Не насладившийся жизнью слепец - Даже глупцами я буду оплакан. (түркмен жоқтауы)
Қоғам қайреткері	Жасымыз мұнша жасқа келгенінше, Шоқандай науша жасты көрмеп едік.	Сердце трепещет, и согнут мой стан, Стоны мои поднялись, как туман,

	Аяулы жарқын жүзін еске тастап, Дүниеден ем таба алмай өткен бүгін. (О.Бертағыұлы)	Слезы в кипучий слились океан... Всеми слезами я буду оплакан (орыс халқының жоқтауы)
Ұл	Қансырадым, қалмағандай сау жерім. Қалды-ау, қалды-ау жетпей дауа- дәрменім, Солды-ау, солды-ау көктей дәуір- дәуренім. Жатырымды жарып шыққан жалғызды, Құшағына алып кетті жер жұмыр. (Қ.Сарин)	А как пока терпеть И где набраться сил. Я поняла теперь: Не возвратится сын (өзбек халқының жоқтауы)
Әке	Қанша бір дәулет бітсе де, Сонда асып-таспады. Сүйікті болған жан атам Мұсылман түгіл бір туған Атасы басқа орысқа. (М.Ж.Көпеев)	Ты кормилеча, да ладо милое. Ты кормилеча, да дума крепкая. Уж ты бросил, да оставил нас. В легкой лодочке, да во еловой. Без веселушка да без грабельного. (орыс халқының жоқтауы)
Күйеу	Жауға мылтық, досқа ынтық, Ел тамағын, жұрт азабын, Жан асар ма осыдан? Сондай ерді, ала берді, Табар енді, біздің ел?! (М.Әуезов)	Менің күнім енді не болады? Күнделікті қажетімді кім өтейді? Етікті кім тігеді? Тары ботқаны кіммен бөлісіп жеймін? (Қырғыз әйелінің күйеуін жоқтауы)
Аға	Сөйлеген әрбір сөзің - ғылым, хикмет, Тариқат, мағрипаттан үлгі шашқан. Құдайға бек лайықты қылып қызмет. Атасы Мұратқожа әулие өткен, Арғы тегін сұрасаң - Назар ишан, Тазарып шыққан гауһар асыл тектен. (М.Ж.Көпеев)	Из улицы и в улицу бреду, И долг в душе влачу я неоплатный. И малого цветочка не найду, Чтоб горе это скрасил мне, о брат мой! Кто б эту боль на сердце утолил, Смягчил беду жестокою, о брат мой? (өзбек халқының жоқтауы)
Нәресте	Жақсы да болса, қарағым, Жаман да болса, қарағым. Солтабай төре бере ме, Артық та туған баласын. (О. Бөкей)	Мать моя ль, развивши косы плачет, Стонет, подпоясавшись, отец? Или где-то голос обозначит Мой ушедший бедный мой птенец? (өзбек халқының жоқтауы)
Ата	Өзгеше туған ер едің, Халқыңның қамын жер едің. Қатарласқан жақсыда Атамнан асқан кім еді?! (М.Ж.Көпеев)	Мы куды нынче приставать станём? К которому да краю-берегу. Как моя-то гора высокая, Как моя-то ле стена каменная. Он годами то стал залетной. Он волосами то стал сединный (орыс халқының жоқтауы)
Ана	Ұзатып сені сапарға, жалғыз қалдым жағада. "Ақ патшам" деп алдымнан, шығушы едің, жан ана. Енді кіммен сырласам, енді кіммен мұңдасам? Орның толмас жырласам, өзіңді іздеп қырға асам. (Ф.Оңғарсынова)	Ах, ты, бязь похоронная белая, Ах, газели-слова над могилою!... Мама, милая что-ж ты наделала, На кого ты нас в мире покинула? (өзбек халқының жоқтауы)
Әйел	Ақ мақтадай айдағы, Қызыл гүлдей жайнады. Алдынан өтпес үлкеннің, Қарсы отырып зарладым.	Оставил свой платок – Я руку завяжу. Что на сердце – о том Кому я расскажу? (грузин жоқтауы)

Қызы	Қалақтай едің, Қабірінде қалақ тұр. Туғаныңды, өлгенінді санап құр. Сенің аңқау құлағындай қалқиып, Қыр басынан қала жаққа қарап тұр. (М.Мақатаев)	Страсть любви меня, миджнура, к этой повести склонила: Та, кому подвластны рати, для меня светлей светила. Пораженный ею сердце, я горю в огне горнила. Коль не сжалится светило. Ждет безумного могила. (грузин жоқтауы)
------	---	---

Түрлі халықтар жоқтаулары құрамында кездесетін әдеби тіл шеберлігін қарастырамыз. Құрамында метафора, теңеу, эпитеттер, т.б. кездеседі. Мысалы, жоқтауда бақилық болған пенденің ерекшелігін қазақтар: «Бір жұрнақ заттан шыққан асыл еді, қара түгіл қожадан асып еді» деп жырға қосса, грузиндер «нанизал, как цепь жемчужин» десе, орыс халқы «как моя-то гора высокая, как моя-то ле стена каменная» деп жоқтаған. Бұл адамның ішіндегі асылы еді деп, інжуге, ақмаржанға, аласармайтын биік тауға, сынбайтын мықты қабырғаға теңеген.

Жоқтауды айтатын адам да оған жауапты екенін, сол адамға артылған сенім, сын екенін түсінетін болған. Қайтыс болған адамның о дүниелік болған ата-баба, әке-шеше, әулет ұрпақтарының ерліктері, қалдырған игі істері, ел-жұрт ішіндегі атақ-абыройы туралы мәнді де мағыналы сөздер айтылады. Ондай жоқтауларды кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырып жатады.

«Әсіресе, Зейнеп дауыс айта бастағанда Ырғызбай үлкендері тегіс ырза. Талайдан бері айтылмаған жақсы жоқтау – осы Зейнептің жоқтауы. Ол Оспанның батырлығын, балуандығын айтады. Жауына қаһарлы, досына ақкөңіл, адал мол мырза болғаныны айтады. «Түйе балуандығын» жыр етеді» Жоқтауына Құнанбай қажыны, ежелері Зере мен Ұлжанды ардақтап жоқтайды. Өскенбай биді атап, бұл ауылдың арғы атасы Өскенбай биді де мақтап кетеді [3, 242].

Жоқтаудағы тыйымдар

Жоқтау айтудың өз уақыты болған. Кеш батқаннан (кешкі 18.00-ден кейін) таңға дейін (таңғы 9-ға дейін) жоқтауға тыйым салынған. Мысалы, кешкі уақытта қайтыс болған адамды жаны қиналмас үшін ол туралы айтуға да тыйым салынады. Сонымен бірге, кешкі-түнгі уақытта үйде кезде қайтыс болған адамға үш күн толмағанша дұға оқуға тыйым салынған [2, 129]. Бұл - орыс ұлтының жоқтау бойынша соған байланысты наным-сенімдері.

Қазіргі кезде де республикамыздың көптеген аймақтарында қаза болғандарды жоқтау, еске алу рәсімдері маңызды. Аза тұту марқұмның құрметіне және еске алынуына орай белгілі бір марақаға дейін (кейбір аймақтарда бір жылға дейін) жүйелі түрде орындалатын рәсім. Марқұмның ең жақын туыстары алашқы уақытта (көп дегенде үш күн) жоқтау киімін киеді. Жоқтау кезінде әйелдерге ойнауға, күлуге, қуануға, той жасауға, шоу, мерекелерге қатысуға тыйым салынады. Сонымен қатар жоқтауда әйелдер әшекей тақпаған, иіс су сеппеген. Бұл кезеңді өзбек халқында «аза тұту кезеңі» деп те атайды. Әдетте, бұл кезеңдерде шектеулер «ақ киіну» рәсіміне дейін созылады. Жоқтаудың бірінші белгісі жылау болса, келесі белгілердің бірі – олардың басқалардан ерекшеленетін ерекше жоқтау түсті киімдері [4, 27]. Бұл пікірден өзбек халқындағы қазаның артын қалай бағуды байқасақ, ал біздің халқымыз кей жерлерде беліне, қолына ақ шүберек байлап алатын белгісі кездесіп жатады. Бұл - марқұмының жақындары деген деген ұғым. Көрісу кезінде марқұмның етжақындарын блдіру деген белгі.

Қара қырғыздарда біздегі сияқты әйел күйеуінің қазасын бір жыл жоқтауы керек. Біз тоқтап тұрып, элегиясын тыңдадық. Егер киіз үйде бір ту ілінсе, сол үй бір мүшесінен айрылды деген сөз. Егер ту қызыл болса, жас адам дүние салған, қара болса, орта жастағы, ақ болса, кәрі кісі деген сөз. Киіз үйге ілінген қара ту ілініпті. Аяшымыздың (қара қырғыз әйелі) күйеуі орта жастағы екенін ажыраттық [5, 284]. Бұл пікірден қырғыз халқының қазаға байланысты өзіндік белгілерін байқадым.

Т. Дронованың зерттеуінде: «В настоящее время в Усть-Цилемском районе владеют искусством импровизационного плача уже немногие женщины в возрасте не моложе 70 лет [2, 129]. Как исторические источники XIII–XVIII вв., так и комментарии нынешних деревенских певцов из региона Дзукии (южная Литва, где традиция оплакивания жива по сей день) свидетельствуют о том, что оплакивание было обязательным элементом древнего ритуала проводов покойного на «тот свет». При таком понимании оплакивания - как важной части похоронного ритуала возможно выявление

различных функций плача» десе, Литва зерттеушісі Д.Вичиниене пікірінше: «XIII–XVIII ғасырлардағы тарихи дереккөздерде, Дзукия аймағындағы (Оңтүстік Литва, жоқтау дәстүрі осы күнге дейін сақталған) қазіргі ауыл жоқтаушыларының пікірлері жоқтау марқұмның «о дүниеге» шығарып салу рәсімінің міндетті элементі болғандығын көрсетеді. Жоқтаудың түрлі функцияларын анықтауға болады:

- қорғау (яғни, бұл дүниеден о дүниеге өтер кезде рәсімді орындаушылар (жоқтаушылар) марқұмды түрлі құбылыстардан қорғайды;
- жерлеу рәсімі кезінде белгілі жерде, белгіленген уақытта жоқтау;
- марқұмның есімін айтуға;
- жерлеу рәсімінің соңғы уақытында өте қатты жылауға тыйым салынады» [6,70].

Метафоралық қолданыстар

Жоқтаудағы образды бейнелеулер мен суреттеулер де жоқтау кезінде адам қайғысын, ішкі жан-дүниесінің алай-дүлей күйзелісте екенін көрсететіндей беріледі. Оны шынайы бейнелеуде жоқтау айтушы не ақын шеберлігі байқалады. Қайтыс болған адамның қайталанбас орны туралы ақындар қайғырып жоқтайды. Қайғырғаннан жүрегі қан жылайды. Оны аңсайды, сағынады, ішіндегі шерін осы жоқтауда білдіреді. Түрікмен ақыны Махтумкули де жоқтауды былай жырлайды:

Как мне воспрянуть? Я болен, я слаб,
В тяжких цепях истомился, как раб,
Как в огне превратился как кебаб,
И вертелами я буду оплакан [7, 19].

Қайғыдан «аяғына шынжыр байлаған, қимылдауға шамасы жоқ құлды», «шоқта айнала-айнала әбден күйген етті» көз алдына елестетеді.

Көмейінен ыңылдаған, әлде уілдеген зарлы үн шығады. Қол-аяғы селкілдеп, кәдімгі «жыны қозған бақсыларша» құйрығымен жылжып тақпақтай жөнелді:

«Жақсы да болса, қарағым,
Жаман да болса, қарағым.
Солтабай төре бере ме,
Артық та туған баласын» [8,306] – дейді қазақ жоқтауында.

Ал өзбек ақыны «қайғы әке өлімінен кейін шаң басып, ашылмай жатқан балалық шақтың кітабы сияқты» деп мұңын жеткізеді:

Тоска навалилась, отец мой, тоска навалилась,
И книжная связка, отец мой, совсем запылилась.
Гляжу я на книги, знакомые с детства, отец мой,-
зачем ты нас только покинул, скажи мне на милость?... [9, 241].

Ал түркмен жоқтауындағы өзіндік сөз саптауға көңіл аударсақ,

В твоём доме я много слез пролила,
Конь, на котором ты скакал, стал могилой,
А одежда, в которую тебя одели, - узкой.
Земля стала твоим другом и постелью [10,81].

Барлық жоқтаулардың сарыны біртектес. Зарлайды, мұңын шағып, марқұмның өмірдегі орнын айтып жоқтайды. Бұл - қазақ ақындары мен басқа ұлт ақындарының жырлаған жоқтауларының ұқсастығы.

Француз зерттеушісі Olivier Allard: «Варао арасындағы куә болған оқиға мен әрекет осыған ұқсас мәселелерді шешуге менде мүмкіндік болмады, бірақ олар маған антагонизмнен аулақ болуға мүмкіндік берді: бар қайғыны әдеттегідей бөлісуге не оны белсенді және әдейі тудыруға, белгілі бір салаға бағытталған тебіреніс емес», - деп жазды [11, 545]. Индеецтердің варао деп аталатын нәсілі де өлім кезінде өзіндік қимыл әрекеттері арқылы жоқтайды. Бұл тақырып нәсілге, ұлтқа қатысты өз эмоцияларын ашық білдірудегі әлеуметтік және мәдени өңдеу ретінде түсіндіріледі. Негізгі мән әр ұлт, әр халықтың ішкі қайғысын қалай білдіретіндігінде. Жақынын айрылған өзін ешкімге керегі жоқ, құр даланы кезіп жүрген, алдында мақсаты жоқ адамды елестетеді. Жаны ғана бар, құр сұлдері қалған өлік сияқты сезінеді. Қайғыдан дала кезіп, басы ауған жаққа қаңғырып кеткісі келеді.

Қандай адам қайтыс болса да, пенде есебінде оны да жоқтайды. Оның да артында сұрары, іздері барлығын айтады. Қайғыдан құса болғанда, жылаған көз жасын жинасаң, мұхит сияқты болады.

Көзден аққан жастан көз алды тұманданып, барлық жан-дүниесімен қайғырады. Бұл - жоқтаудың о дүниелік болған адамды қайғыра жоқтауының нәтижесі.

XI ғасырда әйгілі Махмұт Қашқари түркілердің ақылды әрі батыр қолбасшысы Тұңға дүние салғанда: «Батыр тұлғадан кейінгі басшысыз қалған халық тағдырын ойлап, қабырғасы қайысады. Махмұд Қашқари келтірген бұл жоқтау үлгісі қазақ поэзиясындағы жоқтау жанрымен үндес, рухы, дәстүрлік ерекшеліктері, образ қолдану қисыны, баяндау тәсілі соларға сай сөздері, сұрыптап қолдану жүйесі жақын екендігін дәлелдеп жатудың керегі жоқ», - деп сараптайды қазақ ғалымы Э. Сейсенбиева [12,86].

Алып ер Тоңа өлді мү? Алып ер тоңа өлді ме?
Эсіз ажун қалды му? Иесіз дүние қалды ма?
Өдлік өңің алды му? Уақыт өшін алды ма?
Эмді йүрэк йыртылар. Енді жүрек жыртыла [12, 86].

Ғалым XI мен XXI ғасыр аралығындағы жоқтаулардың ұқсастығына назар аудартады.

Жоқтауда қайтыс болған адамның бойындағы ерекше қасиеттерді нықтап айтады. Қаншама адамға жақсылық жасағанын, алты Алашқа білімнің нұрын шашқанын, қиналғанда сүйеу, қамқор болғанын жырлайды.

Ең алғаш дуан ашқанда,
Қазаққа низам шашқанда
Көлеңкең түсті көп жерге
Аяғы алыс қанша елге?!

Бұл қай ғасырда болмасын жоқтаудың мазмұны өзгермегенін, ел үшін ерлік көрсеткен тұлғаның бойындағы қасиеттері жоқтауда баса айтылады. Жоқтаудың 3 түрі бар.

1. Дүниеден өткен азаматтың балалары не қыздары шығарған жоқтаулар. Мысалы, Қаз дауысты

Қазыбек би қызы Қамқа шығарған 153 жолдан тұратын жоқтау.

Қасиетің тағы мол,
Қазаққа деп заң жасап,
Қазыбектің қасқа жолы
Артыңда мирас қалғаны [13,10].

Башқұрт халқында да қоғам қайраткері, батырды жоқтау кездесті.

Кешегі менің көкжалым,
Әруақ қонған жасынан.
Мың сан кісі жау келсе,
Жолдасын бермес қасынан.
Қаһармандай хан еді,
Ақылды туған асылдан.
Асылдығының белгісі,
Орын алған бабасы,
Қазіреттің қасынан [14].

2. Қайтыс болған адамның анасы не жұбайы шығарған жоқтаулар.

Асыл да кәусар болатым!
Ұшайын десем – қанатым!
Әкекем қосқан қосақтан
Айырды Жаббар Құдайым! [13,10].

Қарқалпақ ақыны А.Давыдов та тура осылай әйеліне күйеуін жоқтатады.

Мы с тобою сошлись в восемнадцать супруг,
Мы друг в друга впились, как репей-шyrмауык,
Но прорвать не сумели мы горестей круг:
Так печаль стала нашей судьбой, Аллангор [15, 179].

3. Белгілі бір ақын-жыраулар шығарған жоқтаулар. Қазақтың бұлбұл әншісі Күлаш Байсейіт дүниеден озғанда даңқты ақын Сырбай Мәулен:

Қазақтың көзін жұмды бұлбұл қызы,
Үзілді сабағынан гүл қырмызы.
Жарқ етіп көрінді де, ағып түсті.
Алматы аспанының бір жұлдызы, – деп жоқтайды [13,10].

Талдау

Мен бұл тақырыпты зерттеу барысында басқа ұлт ақындары шығарған жоқтауларды негізге алдым. Қазақ және басқа ұлт ақындары шығарған жоқтаулардың ерекшелігіне, құрылысына, өлең жолдарындағы бейнелі сөздерге, теңеу, эпитеттерге салыстырмалы түрде назар аудардым.

Өлімнен үлкен жау бар ма,
Бауыры бүтін сау бар ма?
Бұлсыз берді, құнсыз алды,
Бұған қарсы дау бар ма? [16, 262].

Алланың өзі берген пендесін өзі берді, өзі алды деген түсініктен туған ой. Өлімге қарсы тұрар шаманың жоқ екендігін айтады.

Ал ақиық ақын Мұқағали Мұқатаевтың қызы қайтыс болғанда қызының қабірі басына келіп, өзінің ішкі жан дүниесінен шыққан зарын жеткізеді.

Қызым менің, Гүлім менің, аяулым!
Жатыр молаң жотасындай қоянның [17, 151].

«Жотасындай қоянның» деген тіркес көз алдына қоянның томпиып жатқаны мен қыз моласының төмпешік болып жатқанын салыстыра суреттейді. Қабір басындағы құлпытасты қызымен салыстырғанда көк тиын құны жоқтығын, қызының қара жерді басып жүргенін, тірі болғанын қалайды. Бірақ тағдырдың жазғанына шара бар ма?!

Қойман, ботам, керегі не көк тастың,
Қыста ақ қар, жазда шалғын шөп бассын.
Өзің келген май айында ақ нөсер,
Ағыл - тегіл бізбен бірге жоқтассын.

Басына орнатылған құлпытастан гөрі қабірі басында қыста аппақ қар, жазда көк шалғын шөп басқанын қалайды. Қызы дүниеге келген мамыр айында жауған ақ нөсердің ақынмен қоса, ағыл-тегіл жылағанын құптайды. Осылай деп ақын жүрегі қызын аңсап жылайды.

Ал орыс халқы жоқтауларында төмендегідей жолдар арқылы ішкі мұң-зар беріледі.

Дорога моя мати родимая,
Уж где мы тебя будем разыскивать
Во темном лесу да во сыром бору.
Будем спрашивать у нанушецы да горюшецы,
Ты не видела ль нашу мати? [2, 134].

Түркмен халқында

Лалы родятся в ущелях немых,
Ливни плодятся от жалоб моих.
Горы плывут – и в волнах смоляных,
Тают. Камнями я буду оплакан [7, 577].

"Қазақстан" арнасындағы 2000 жылғы "Ақжүніс" бағдарламасы арқылы көпке танылған тележүргізуші Сәуле Әбілдаханқызының (Әбединова) ұлы дүние салғанда ақын Қалқаман Сарин жоқтау арнап жазған екен. Көктей солған жалғыз ұлының ажалынан соң құр сұлдері қалғанын, бүкіл ішкі жан дүниесінің күйіктен өртеніп жатқанын айтып зарлайды. Көнбеске амалы жоқ қан жылаған ана:

Тірі болып жүргеніммен... жансызбын,
Өтіп жатыр мағынасыз, мәнсіз күн.
Сен анаңның айыптама көз жасын,
Мен ажалдың алдында, ұлым, әлсізбін...[18].

Өзінің ажал алында әлсіз, дәрменсіз екенін айтады. Тірі жүр, кеудесінде шығар-шықпас жаны барлығын, мәнсіз, мағынасыз күндердің өтіп жатқанын, қолынан келері тек зарлау, қабырғасы қайыса қан жылайтынын айтады.

Жылап отырып, жалғыз бардағы бірге өткізген күндеріне шүкірлік етеді. Оның дүниеге келіп, ана атанғанына, ұлы ретінде өзіне қорған ретінде қабылдағанын, жанына серік болғанын, өзінің ғана тағдырына бұйырған ұл болғанына шүкіршілік жасайды.

Түндеріме, таңдарыма, мың шүкір!

Аз да болса ол да - мұра, мың шүкір!
Айналдың сен қорғаным, мың шүкір!
Менің ғана ғұмырыма бұйырып,
Менің ұлым болғаныңа, мың шүкір! [18].

Қай халықты алсаң да, өзіндік іс-қимылдары арқылы жоқтаудың түрлі үлгілерін көрсетеді. Мысалы, басына қара орамал тағып алу, қара киім кию, қолына қара шүберек байлап алу, белін ақ матамен орап алу сияқты қаза белгілерін көрсетіп жатады. Орыс халқында жоқтау қабір заттары (киімдері, басына қойылатын орындық, үстел) дайындалған кезде де айтылады.

Бұл тақырыпты зерттеу барысында түрлі ұлт мен ұлыстар тұрмысындағы жоқтаудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байқадым. Нәтижесінде ұқсастықтарына ерекше көңіл бөлдім. Жоқтаудың айтылу кезеңі, кім жоқтайтындығы, оның мазмұны мен құрылысы жағынан ұқсастықтарына назар аудардым. Жеке адамның бойындағы асыл қасиеттерін, басқа адамнан ерекшеленіп тұратын тұстарын баса ашып көрсетеді. Бұл - барлық халық жоқтауларына тән қасиет.

Қорытынды

Жалпы қай халық, қай ұлт болмасын жоқтаудың маңыздылығына ерекше мән берген. Оны қалай болса, солай айта салу, ойбайлап, бақырып жылау сияқты орынсыз әрекеттерден аулақ болуға тырысқан. Жоқтаудың өзін орнымен айта алатын, жұртты жылата алатын адамдарды ерекше бағалап отырған.

Адам баласы дүниеден өткенде оның аруағын қадірлеп, құрметтеп, жиі еске алып отырудың өзі де кейінгі ұрпаққа қалдырар мұра болып табылады. Адам дүниеден өткенде оның байлығы мен жарлылығы емес, оның артында қалдырған ізгі істері мен жақсылықтары сөз болады. Артында мал-мүлкі емес, жақсы сөзі мен өсиеті қалғанын айтып жоқтайды. Сондықтан қай халық болмасын адам баласы артында қалған ұрпағы оның істерін жалғастырса, ол мәңгілік болғаны. Оның ұрпағына қалдырған өсиеттері мен ізгі істерін айтып жоқтап отырудың өзі де – аруаққа деген үлкен құрмет. Жоқтау да - осындай ерекшелігімен құнды мұралардың бірі. Кейінгі ұрпаққа түсіндіріп, жүйелеп, талдап берудің өзі де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Оның маңыздылығы мен мәнділігін кейінгі жастарға мәдени мұра ретінде қалдырып, ары қарай жалғасын табу келешектің еншісінде.

Дүниеден өткен адамды жоқтаудың мазмұны бірыңғай мақтауға, мадақтауға құрылатын себебі - жас ұрпаққа оның өмірін үлгі ету. Қайтыс болған адамға ас берілген кезде жоқтаудың көлемі де ұлғайып, мағынасы да мазмұнды бола түседі. Қазақтар жоқтауды тек жылап-сықтау үшін айтпаған. Оны биік дәрежелі көркем өнер сатысына көтеріп айтқан. Сол арқылы «о дүниеге» кеткен адамды ұмыттырмай, оның азаматтық болмысын көркем сөзбен бейнелеп берген. Сондықтан ол өнердің ең биік шыңы ретінде бағаланады.

Бұл тақырып өмір бар жерде өлім барлығын, жылау мен жоқтау ұлттың жалпы қабылдаған рәсімі, сол рәсімді сақтау және ұрпаққа мұра ретінде санасына жеткізу бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. Роман. Алматы: Жазушы, 1967. I кітап - 424 б.
2. Дронова Т.И. Регламентация практик погребально-поминальных плачей у староверов беспоповцев усть-цильмы Томский журнал ЛИНГ и АНТР. Tomsk Journal LING & ANTHRO. 2023. 1 (39), 127-140
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы, «Ақын аға» романы, 26 - том, 1949 – 1950. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы» баспалары, 2014. - 408 б.
4. Ақчаев Ф. Глоббализация жаренларида миллий ва диний анъаналарнинг оилавий маросимларда сақланиши (Жаһандану процестеріндегі отбасы рәсімдерінде ұлттық-діни дәстүрлерді сақтау). «Нұрпейіс оқулары» аясындағы «жаңа тарихи сана қалыптасуы контекстінде Отан тарихын зерттеудің мәселелері» атты ғылыми-техникалық конференцияның материалдар жинағы. - Алматы, 2024. 19-28 бб.
5. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 2- басылым. Бірінші том. Алматы: - Толағай групп, 2010. - 375 б.
6. Вичиниене Д. Возможные реликты смеха в литовской традиции оплакивания умерших // Смех и плач в традиционной культуре. Материалы VII Международной Школы молодых фольклористов / ред.-сост. Н. Н. Глазунова. РИИИ. СПб., 2021. сс.69-78
7. Махтумкули. Плач // Поэзия народов ССР IV - XVIII веков. Том 55. Москва: Художественная литература, 1972. - 862 с.

8. Бөкей О. Өз отынды өшірме. Роман. – Алматы: Ел – шежіре, 2013. Т.1. - 392 б.
9. Узбекская народная поэзия. Л: Сов. писатель, 1990. - 656 с.
10. Глазунова Н.Н. Реликты причитаний в похоронном обряде туркмен. Смех и плач в традиционной культуре. Материалы VII Международной Школы молодых фольклористов / ред.-сост. Н. Н. Глазунова. РИИИ. СПб., 2021. – сс. 79-88
11. Allard O. To cry one's distress: death, emotion, and ethics among the Warao of the Orinoco Delta. *Journal of the Royal Anthropological Institute (N.S.)* 2013, 19, 545-561
12. Сейсенбиева Э.С. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр. 6D020500 – Филология, Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы: ҚазҰҚПУ, 2023. -160 бет
13. Арынов Т. Қазақтың жоқтау жырлары// *Қазақ әдебиеті*. 1989 жыл 1 декабрь, № 48 (2122), 15 бет.
14. Диваев салған даңғыл жол. *Qazaqstan Tarihy* порталы. 19.01.2022. Онлайн дереккөздемесі: <https://www.history.kz/kz/news/show/33317>
15. Поэты Каракалпакии. 2-ое изд. Л: Сов. писатель, 1980. - 656 с.
16. Бертағыұлы О. Жұбату. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1989. - 382 б.
17. Мақатаев М. Өлеңдер жинағы. Алматы: Жазушы, 2012. – 320 б.
18. Құлтаев А. Ұлын жоқтаған белгілі тележүргізуші жұртты тебірентті. Онлайн дереккөздемесі: https://kaz.tengrinews.kz/сайты, kazakhstan_news/belgi-telejurgzush-saule-abedinovanyin-ulyi-kaytyis-boldyi-286064/

References

1. Mukanov S. Akkan zhuldyz. Roman [Flowing star. Novel]. Almaty: Zhazushy, 1967. Book 1. 424 p. [in Kazakh]
2. Dronova T.I. Reglamentaciya praktik pogrebal'no-pominal'nyh plachej u staroverov bespopovcev ust'-cil'my Tomskij zhurnal LING i ANTR. [Regulation of burial practices and funeral laments of the old believers-bespopovets of Ust-Tsilma]. *Tomsk Journal LING & ANTHRO.* 2023. 1 (39), 127-140 [in Russ.]
3. Auevov M. Akyn aga // Shygarmalarynyn elu tomdyk tolyk zhinagy 26 - tom [A complete fifty-volume collection of works. Vol. 26. 1949 – 1950. Almaty: «Daur», «Zhibek zholy», 2014. - 408 p. [in Kazakh]
4. Akchaev F. Globballashuv zharyonlarida millij va diniy an"analarning oilavij marosimlarda saklanishij (Zhahandanu procesterindegi otbasy rasimderinde ul'tyk-dini dasturlerdi saktav). «Nurpeis okulary» ayasyndagy «Zhana tarihi sana kalyptasuy konteksinde Otan tarihy zertteudin maseleleri» atty gylimi-tehnikalyk konferenciyanyn materialdar zhinagy. [Preservation of national-religious traditions in family rituals in the processes of globalization. Collection of materials of the scientific and technical confrontation "Problems of studying the history of the Fatherland in the context of the formation of a new historical consciousness" within the framework of the Nurpeisov readings - Almaty, 2024. Pp.19-28. [in Uzbek, in Kazakh]
5. Ualikhanov Sh. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. 2- basylym. Birinshi tom. [A collection of multi-volume works. 2nd edition. The first volume]. Almaty: - Tolagaj grupp, 2010. 375 p. [in Kazakh]
6. Vichiniene D. Vozmozhnye relikty smekha v litovskoj tradicii oplakivaniya umershih // Smekh i plach v tradicionnoj kul'ture. Materialy VII Mezhdunarodnoj Shkoly molodyh fol'kloristov / red.-sost. N. N. Glazunova. [Possible relics of laughter in the Lithuanian tradition of mourning the dead // Laughter and crying in traditional culture. Materials of the VII International School of Young Folklorists / ed.-comp. N. N. Glazunov]. Russian Institute of Art History. SPb., 2021. pp.69-78 [in Russ.]
7. Mahtumkuli. Plach // Poeziya narodov SSR IV - XVIII vekov. Tom 55. [Crying // Poetry of the peoples of the USSR of the IV - XVIII centuries. Volume 55]. Moscow: Hudozhestvennaya literatura, 1972. – p. 577 [in Russ.]
8. Bokej O. Oz otyndy oshirme. Roman [Don't put out your own fire. Novel]. – Almaty: El–shezhire, 2013. Volume 1. 392p. [in Kazakh]
9. Uzbekskaaya narodnaya poeziya [Uzbek folk poetry]. L: Sov. pisatel', 1990. - 656 s. [in Russ.]
10. Glazunova N.N. Relikty prichitanij v pohoronnom obryade turkmen. Smekh i plach v tradicionnoj kul'ture. Materialy VII Mezhdunarodnoj SHkoly molodyh fol'kloristov / red.-sost. N. N. Glazunova [Relics of lamentations in the funeral rite of Turkmens. Laughter and crying in traditional culture. Materials of the VII International School of Young Folklorists / ed.-comp. N. N. Glazunov]. Russian Institute of Art History. SPb., 2021. Pp. 79-88 [in Russ.]
12. Seisenbieva E.S. XIX gasyrdagy kazak adebietindegi ekzegetikalyk dastur. 6D020500 – Filologiya, Filosofiya doktory darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya [Exegetical tradition in Kazakh literature of the XIX century. Dissertation for the degree of PhD- 6D020500 (Doctor of Philology)]. Almaty: KazNWTTU, 2023. 160 p. [in Kazakh]
13. Arynov T. Kazaktyn zhoktau zhyrlary// Kazak adebiyeti [Kazakh lament songs. Kazakh literature]. № 48 (2122). December 1, 1989, p.15. [in Kazakh]

14. Divaev salgan dangyl zhol. Qazaqstan Tarihy portaly [Avenue Road built by Divaev. Qazaqstan Tarikhy portal]. 19.01.2022. Retrieved from: <https://www.history.kz/kz/news/show/33317> [in Kazakh]
15. Poety Karakalpakii. 2-oe izd. [Poets of Karakalpakstan. 2nd ed.]. L: Sov. pisatel', 1980. 656 p. [in Russ.]
16. Bertagyuly O. Zhubatu. Bes gasyr zhyrlajdy. [Consolation. Five centuries sings]. Almaty: Zhazushy, 1989. 382 p. [in Kazakh]
17. Makataev M. Olender zhinagy [Collection of poems]. Almaty: Zhazushy, 2012. 320 p. [in Kazakh]
18. Kul'taev A. Ulyn zhoktagan belgili telezhurgizushi zhurtty tebirentti. [The famous TV presenter, mourning her son, touched everyone]. Tengrinews. January 04, 2018. Retrieved from: https://kaz.tengrinews.kz/sajty_kazakhstan_news/belgl-telejurguzh-saule-abedinovanyin-ulyi-kaytyis-boldyi-286064/ [in Kazakh]

"НА КОГО Ж ТЫ МЕНЯ ПОМИНУЛ?»: ЗНАЧЕНИЕ ПОМИНАЛЬНОГО ПЛАЧА В КУЛЬТУРЕ НАРОДОВ МИРА

К. А. Жакибаева

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
zhakibaeva.k@qyzpu.edu.kz

Аннотация

В статье приводятся данные о сходстве и различии поминальных плачей казахского народа и у разных народов мира. Проводится сравнительный анализ того, кто и как исполняет плач, чему именно придается особое значение в этом ритуале. Приводится обоснования значимости поминального плача. Пишется о месте траура в каждом исторической эпохе. Исследовано, насколько важна репутация и достоинство какой-либо личности после смерти брата, друга. Приведен сравнительный анализ использования метафор, сравнений, эпитетов в поминальных плачах. В статье представлен сравнительный анализ женских плачей у казахов, узбеков, туркмен, кыргызов, башкир, каракалпаков, русских, грузин, литовцев и латиноамериканских индейцев. Автор приводит примеры классических произведений прошлого, в том числе тюркского поэта 11 века Махмуда Кашгари, грузинского поэта 12 века Шоты Руставели, туркменского поэта 18 века Мактумкули, поэзии кыргызов в произведениях Шокана Уалиханова. Особое место занимают материалы, касающиеся жоктау (плачей), из произведений казахских поэтов Абая Кунанбаева, Машхура Жусупа Копеева, Орынбая Бертагыұлы, Оралхана Бокея, Мукагали Макатаева, современного поэта Калкамана Сарина. В ходе изучения темы использованы сравнительный, текстуальный, сопоставительный, культурно-исторический, мифопоэтический и другие методы анализа литературных произведений.

Ключевые слова: траур, плач, мужчины, погибший в молодости человек, вдова, тюркские народы, сравнительный анализ

"WHO DID YOU LEAVE ME FOR?": THE MEANING OF MEMORIAL CRYING IN THE CULTURE OF THE PEOPLES OF THE WORLD

K. A. Zhakibaeva

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
zhakibaeva.k@qyzpu.edu.kz

Abstract

The article provides data on the similarities and differences between the memorial lamentations of the Kazakh people and those of different peoples of the world. A comparative analysis of who performs the crying and how, what exactly is given special importance in this ritual, is carried out. The substantiation of the significance of the memorial cry is given. It is written about the place of mourning in every historical epoch. It is investigated how important the reputation and dignity of any person is after the death of a brother or friend. A comparative analysis of the use of metaphors, comparisons, and epithets in memorial lamentations is given. The article presents a comparative analysis of women's cries among Kazakhs, Uzbeks, Turkmen, Kyrgyz, Bashkirs, Karakalpaks, Russians, Georgians, Lithuanians and Latin American Indians. The author gives examples of classical works of the past, including the 11th-century Turkic poet Mahmud Kashgari, the 12th-century Georgian poet Shota Rustaveli, the 18th-century Turkmen poet Maktumkuli, Kyrgyz poetry in the works of Shokan Ualikhanov. A special place is occupied by materials related to zhoktau (lamentations), from the works of Kazakh poets Abai Kunanbayev, Mashkhur Zhusup Kopeev, Orynbai Bertagyuly,

Oralkhan Bokey, Mukagali Makatayev, modern poet Kalkaman Sarin. In the course of studying the topic, comparative, textual, cultural-historical, mythopoetic and other methods of analyzing literary works were used.

Key words: mourning, crying, men, a man who died in his youth, widow, Turkic peoples, comparative analysis

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жакибаева Калипа Аманбаевна - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Ғылымды басқару және дамыту бөлімінің маман-корректоры. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі 114, Бас оқу ғимараты, 122 – кабинет; email: zhakibaeva.k@qyzpu.edu.kz

ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРЕ

Жакибаева Калипа Аманбаевна – специалист-корректор Отдела научного администрирования и развития, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Гоголя, 114, ГУК, каб. 122; email: zhakibaeva.k@qyzpu.edu.kz

INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Kalipa A. Zhakibayeva - proofreader-specialist, Department of scientific administration and development, Kazakh National Women's Teacher Training University. Address: Kazakhstan, 050000, Almaty, Gogol St. 114, Main building, office 122; email: zhakibaeva.k@qyzpu.edu.kz

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received 02.06.2024
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted 24.06.2024